

***Мектептегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі  
комиссия отырысының  
26.05.2023ж. №3 хаттамасы***

Катысқандар: Комиссия төрайымы: директор Д.К.Балмуханова

Комиссия мүшелері:

директордың ТЖ жөніндегі орынбасары О. Акифьева.  
директордың ТЖ жөніндегі орынбасары А. Кәріпбаева  
әлеуметтік педагог В..Саворовская  
медицина қызметкері А. Иванова  
қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ю. Сидякина

Күн тәртібі:

1. Мектеп асханасының жұмысын тексеру және мониторинг  
қорытындысы

**ТЫНДАЛДЫ:** Мектеп асханасының жұмысын тексеру және мониторингілеу  
корытындылары туралы

**СӨЙЛЕДІ:** директордың ТЖ жөніндегі орынбасары О.А.Акифьева.

2022-2023 оку жылы ішінде бракераж комиссиясы «Саттибаева М.Б» ЖҚ  
жалға алған мектеп асханасында тамақтану сапасын бақылауды жүзеге асырды.  
Шарт бойынша міндеттемелер толық көлемде орындалды. Сонымен қатар,  
Жалға алушы өмірлік қызын жағдайға тап болған 2 баланы тамақтандыруға  
демеушілік жасады.

Мектеп асханасында 850 адамнан тұратын 1-4 оқушы үшін  
(орталықтандырылған), сондай-ақ 13 адамнан тұратын жалпыға бірдей білім  
беру қорының қаражатынан әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 5-11 сынып  
оқушылары үшін ыстық тамақ ұйымдастырылды.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бракераж комиссиясы  
келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ  
өнімдеріне сертификаттардың болуына, дайындалған тағамдардың сапасына,  
технологиялық жабдықтардың болуы мен жарамдылығына, өнімдерді, дайын  
тағамдарды сактау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сакталуына,  
балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық мәзірге  
сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізді.

Әлеуметтік педагог «Мектептегі тамақтану» айдарындағы интернет-  
ресурста білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша акпаратты  
жүйелі орналастыруды қамтамасыз етеді (перспективалық, күнделікті мәзір,  
тағамдардың фотосуреттері, жұмыс жоспары, тамақтану сапасының  
мониторингі жөніндегі комиссиялардың актілері).

Тамақтануды ұйымдастыру кезінде оқушылардың санитариялық-  
эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық  
актілерге сәйкес тамақтанудың тиісті шарттары қамтамасыз етіледі.

Медицина қызметкері күн сайын ас блогының қызметкерлерін  
санитарлық-гигиеналық нормалардың сакталуына тексереді. Сондай-ақ,  
медицина қызметкері тамақты С-витаминдеу;дайын тағамның сапасын

бақылау, асхана қызметкерлерінің денсаулығы тексеру бойынша журналдарын жүргізеді;

**ҚАУЛЫ ЕТТИ::** мектеп асханасының жұмысы «қанағаттанарлық» деп саналсын..

## Комиссия төраймы:



Д.Балмуханова

## Комиссия мүшелері:

директордың ТЖ жөніндегі орынбасары О. Акифьева.  
директордың ТЖ жөніндегі орынбасары А. Кәріпбаева  
әлеуметтік педагог В..Саворовская  
медицина қызметкері А. Иванова  
қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ю. Сидякина